

Жер теліміне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишим ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 56 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишим ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақстан Бидайы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишим ауылдық округі, Новоишим ауылы мекен-жайы бойынша орналасқан, шикізатты сақтауға, тазалауға және кептіруге арналған жабдықты (сыйымдылығы 9000 тонна элеватор) орнату арқылы жарма және үлпек өндіру зауытының құрылыс алаңына су құбыры желілерін тарту үшін жалпы алаңы 4,1056 гектар жер теліміне 5 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

А. Букпин